

ӘОК 821.222.1
ХҒТАА 17.01.11

С.Н. Сүтжанов

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0001-8319-6907>
email: s_sutzhanov@mail.ru

С.Б. Кибатова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
email: kibatova_samal@mail.ru

ХАФИЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар Хафиз шығармашылығына тоқталумен қатар, ақынның заманына және оның сөз шебері ретінде қалыптасып, толысуына әсер еткен факторларға талдау жасайды. Саяси тұрақсыздық, әлеуметтік қиындықтар, рухани күйзелістер кезінде дүниеге келген Хафиздің жырлары парсы әдебиетін жоғары дәрежеге жетелегенін баяндайды. Сонымен қатар мақаладан Хафиз газалдарының тақырыптары мен мазмұны, өзіндік сөз қолданыстары бойынша ақпарат алуға болады. Ақын сопылық бағытта ғана емес, саяси-әлеуметтік мәселелерден бастап, гашықтық лирикаға да қалам тербегені сөз етіледі. Еуропа мойындаған Хафиздің шығармашылығының қазақ даласына жетуі туралы да ақпарат берілген. Парсы мен қазақ әдебиеті байланыстарына қатысты зерттеулер жүргізген бірқатар ғалымдардың жұмыстарына сүйене отырып, Хафизді қазақ жатырқамай қабылдауындағы Шәкәрімнің шеберлігіне, екі ел арасындағы үндестіктердің терең тамырларына тоқталады. Ә. Жәмішев аудармалары бойынша да қорытындылар келтіреді. Мақалада авторлар Хафиз шығармашылығы негізінде қазақ пен парсы әдебиетінің рухани үндестіктерін көрсете отырып, болашақ зерттеулердің бағдарларын анықтауға талпыныс жасайды.

Түйін сөздер: қазақ-парсы әдебиеті, әдеби байланыстар, сопылық әдебиет, газалдар, рухани үндестік.

Кіріспе

Парсы әдебиеті бағалы туындыларға, өз заманынан дара шыққан озық ойлы сөз зергерлеріне өте бай. Парсы әдебиетін зерттеу, сол қазыналы сандықты ашып, бүкіл әлемге сұлу да сырлы сөздің шынайы құнын, қасиетін танытты.

Әлем қазір Фирдоусиді, Низамиді, Румиді, Хафизді біледі, жырларын оқып таңданады. Аты аталып отырған ақындардың ешқайсысының бағасы бір-бірінен төмен деп айта алмаймыз және парсы әдебиетінде олардан кем емес басқа да дарындар бар. Алайда біз бүгін бұлардың ішінде Хафиз шығармашылығына назар аудармақпыз.

Хафиз – өмір сүрген дәуірінің айтулы тұлғасы. Себебі өзінің биік шыңында болған парсы әдебиеті XIII ғасырда Иранға жасалған моңғол шапқыншылығы кесірінен тұралап қалған болатын. Мәдениет орталықтарының қирауы, ал ақындардың шетелдерге көшуі әдебиетке кері әсерін тигізді. Сондай кезеңдерде халық көнбістікке беріліп, бастарынан қара бұлт арылмастай күй кешті. Бірақ XIV

ғасырда елде басқыншыларға қарсы толқулар орын алды. Міне, сол кезде әдебиетке Хафиз келді. Оның жырлары көпшіліктің жүрегінен орын тапты. Бүгінгі күнге дейін жалғыз Иран халқының ғана емес, басқа халықтардың қайта-қайта оралып, оқыған сайын тағы бір сыры ашылып таң қалдырудан шаршамайтын тылсым сипатты құнды дүниесіне айналды.

Хафиз біздің әдебиетке жат емес. Оның іздері Абай мен Шәкәрімнің жырларынан байқалады. Ал Хафиз белді өкіл болып табылатын сопылық әдебиет ағымы бізде бірқатар ақындардың туындылары арқылы көрініс тапты.

Хафиз шығармашылығын қарастыру арқылы біз қазақ әдебиеті мен парсы әдебиеті байланыстарын айқындай түсеміз. Екі ел әдебиеті арасындағы дәстүр сабақтастығының, рухани үндестіктер көріністерінің нақты белгілерін ажыратамыз. Мазмұндық, тақырыптық, жанр, образдар тұрғысынан қалай түрленгенін аңғарамыз.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында Ислам Жеменейдің «Хафиз және қазақ әдебиеті» оқу құралы, Өтеген Күмісбаевтың «Алтын қазық» зерттеулер жинағы, Ахмад Тамимдаридің «История персидской литературы» кітабы және осы тақырыптарда жазылған бірқатар мақалалар қарастырылды.

Әрине, аталмыш тақырып қазақ, орыс және басқа да шетел ғалымдарының зерттеу нысанында. Бірақ қолда бар еңбектерді саралап өту, ғалымдардың пікірлерін топтастыру жалпылама қорытындыларға келуге, болашақ бағдарларды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында тақырыпқа байланысты ақпараттар жинастырылды. Жинақталған ақпараттар талданып, сұрыптауға түсті. Сұрыпталған мәліметтер негізінде нәтижелер шығарылып, қорытындылар жасалды.

Нәтижелер және талқылау

Кез келген ақынның шығармашылығына оның өскен ортасы, елдегі жағдай, өмірінде көрген қуаныштары мен қайғылары әсер етеді. Сонымен қатар өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінің шығармалары мен ұстанымдары ықпалын тигізеді. Хафиз шығармашылығына бет бұрмас бұрын, ол өмір сүрген Иран қандай еді?

Иран XIII ғасырда Шыңғыс хан әулетінің қарамағында, одан соң Әмір Темірдің билігінде болды. Бұл ғасырларда ирандықтар түрлі тарихи оқиғаларға толы саяси тұрақтылығы жоқ кезеңдерді басынан кешірді.

Шыңғыс ханның жорықтарының себебінен өнер мен ғылым орталықтары жойылды, Иран ақындары мен жазушылары, ғалымдары Үндістанға, батыс аймақтар мен Кіші Азияға қашуға мәжбүр болды. Хорасан мен Орталық Иран босап қалды. Бірақ жаңа мәдени орталықтар парсы тілі мен парсы әдебиетінің таралуына жол ашты. Үндістан жарты аралында Бабуридтер және басқа да мұсылман билеушілері ирандық данышпандарға қауіпсіз жағдайлар туғызды. Кіші Азияның батысында селджұк билеушілері ирандық эмигранттарды қуана қарсы алды. Тіпті сол кездің ең танымал ирандық ақыны Руми Коньеде тұруға мәжбүр болды.

Тарихқа көп мән беретін моңғолдар Иранды жаулап алғаннан кейін ирандық әдебиетте тарихи жылнамалар жазуды дамытты. Моңғолдар билікте болған уақытта Иранның шығыс және орталық аудандарында әдебиет пен мәдениеттің жаңа орталықтары пайда болды. Ол парсы сөз өнерінің дамуына аса зор ықпал жасаған –

Шираз қаласы. Аталмыш әдеби аймақтың танымал өкілі – Сағди болатын. Сағдидің прозасы ғана емес, поэзиялық туындылары да жоғары деңгейлік шығармалар ретінде танылды, ол парсы ғазалының шебері деген атақты иеленді.

XIV ғасырдың басында Иранда аман қалған орталықтардың өзі алдыңғы жүзжылдықтағы жоғары деңгейлеріне жете алмады. Көбі тағдырға бойұсынып, бастама жасау дегенді ұмытты. Қоғамның осындай рухани халі мистикалық және сопылық көңіл-күйдің таралуына жол ашты. Түрлі сопылық секталар мен бағыттар пайда болды, олар Үндістанға дейін таралды.

Шығармашылық туындылар авторлары өздеріне дейінгі әдебиет өкілдеріне еліктеумен шектелді. Маңызы аз әдеби әдістер мен тәсілдерге жүгінді: жұмбақ (лугз), муғамма, мада-ий тарих және т.б.

Иран әдебиетін қайта дүр сілкіндіріп, бұрынғы кемеліне жетуі үшін тағдыр бұл елге Хафизді сыйлады. Шәмсәддин Мұхаммед Хафиз 1325–1326 жылдры Ширазда өмірге келеді, ал 1389 жылы сонда дүниеден өтеді. Бізге жеткен мәліметтер бойынша, Хафиздің балалық шағы қиындығы мол кезең болған. Жетімдіктің зардабын көрген ол ерте жастан жауапкершіліктің не екенін сезінеді. Сонымен қатар бойындағы зеректігінің арқасында Алланың рахматымен Құранды жаттап алады. Ел оны Хафиз деп атап кетеді. Хафиздің отбасы, балалары болған. Бірақ әйелі де, балалары да Хафизден бұрын дүниеден өткен.

Аумалы-төкпелі заманда өмір есігін ашқан, тағдырдың сан қиындықтарын бастан кешкен, алайда берілмеген Хафиздің мұрасы – өзінен кейінгі дәуірлерде қарапайым адамдардың да, ғұлама ғалымдар мен шығармашылық майталмандардың да жүрегінен өз орнын тапты. «Тіпті, ұлы Гетенің өзі бұл кісіні қатты бағалап, оны – Хафизді өзімді рухтандыратын күш-қуатты бауырым деп бағалап, атын әлемге жайғызған жанның бірі болды» (Иран-тәжік прозасы, 2005, с. 112–113). Хафизді Еуропа да, Америка да таниды. Орыс халқына да Хафиз жат емес. Ақынның көптеген туындылары қазақ тіліне орыс тілі арқылы аударылды. Маңызды істі қолға алып, жүзеге асырған Әбіраш Жәмішев. Әбіраш Жәмішев В. Державин, А. Кочеткова, Е. Дунаевский аудармаларымен жұмыс жасаған. Сонымен қатар түп нұсқалар мен өзбек тіліне аударылған ақын шығармаларына да мән беріп, салыстырулар жүргізіп отырған. Ә. Жәмішевтен бұрын Хафиз ғазалдарын Шәкәрім Құдайбердіұлының да аударғаны бәрімізге мәлім.

Хафиз жырлары сан қырлы. Ахмад Тамимдари өзінің «История персидской литературы» еңбегінде «В его стихах присутствуют лирические мотивы Са‘ди, а также мистические образы газелей Аттара и Маулави. Он использовал и социально-критические касиды Са‘наи» (Тамимдари, 2007, с. 92-93) деп ақын шығармашылығына сипаттама береді.

Шынымен Хафиз туындыларын оқып отырсаң, сұлу лирикаға толы төмендегідей жолдарды кездестіре аласың:

Қайда екен құтты шаңырағы, жарығы екен қай үйдің?

Кім екен, барыт сұрашы, сүйген сұлу арудың?

Көрген сәтте дидарын қалмады дәрмен бойымда,

Кімге ашына құрбан екен, тапты екен ләззат бабын кім?

Бал татыған тілінің кетпес пе дәмі ауыздан,

Биопа болып шықса егер өртемек кімнің жанын мұң?

(Иран-тәжік прозасы, 2005, с. 467).

Ал сопылық сарында жазылған ғазалдар Хафизде молынан ұшырасады. Оларды түсіну үшін мағынасына тереңдей үнілу қажет-ақ. Мысалы:

*Кеше түнде таң алдында қайғы-мұңнан құтылдым,
Мынау бей-жай тірлік үшін қам қылудан құтылдым.*

*Бір керемет киелі қол шарап берді кесемен,
Көңілім өсіп, күшім тасып, қаймығудан құтылдым.*

*Алтын арай таң самалы сергітті де бойымды,
Қадір түні қара тастай тағдырымнан құтылдым.*

*Көктен келген құдіретті үн шаттық құйып кеудеме,
Көре алмайтын күншілдердің даң-дұңынан құтылдым.*

*Содан соң-ақ бұл дүниенің тылсым сырын ұғынып,
Қолға қонған бақыт құстан айырылудан құтылдым.*

*Таңданбаңдар менің мұнша қуанышты қалтыма,
Тәңірім өзі қолдаушым боп, бар қиыннан құтылдым.*

(Иран-тәжік прозасы, 2005, с. 466).

Осындай Хафиз ғазалдары көпшілікті қатты қызықтырады. Жыр жолдарының құпиялы сырлары әр оралған сайын өзінің мазмұнының біз ойлағаннан да әлде қайда терең екенін көрсетеді. Мына жолдарда «шарап» біз білетін «шарап» емес, ал «алтын арай таң самалы» да «самал жел» болмауы әбден мүмкін.

Хафиздің өмірбаянына оралатын болсақ, оның Құранды жатқа білгенін, мектеп пен медреседен жақсы білім алғанын көреміз. Құдаймен бірігуді аңсаған, философиялық ойларға толы өлеңдер жазған Фарид ад-дин Мұхаммед бен Ибраһим ан-Нишабури Аттар есімді ұстаздан сабақ алған. Бізге Аттардың қасиетті адамдар туралы «Тазкират әл-әулие», «Құстар әңгімесі», «Кеңес кітабы» секілді еңбектері белгілі. Ал «Манти ат-Тайр», «Илаһинаме», «Мусибатнаме» деген поэмалары сопылық әдебиеттің үлгілері болып табылады. Хафиз бүкіл Ислам әлеміне таралған сопылық ағымның белді өкілдеріне айналған Руми мен Сағди, Омар Хайямның шығармашылығымен де таныс болған. Оның сопылық сарынды ғазалдар жазуына өмірінде орын алған жоғарыдағы жағдайлар өз әсерін тигізбей қоймаған. Сонымен қатар Иранның Араб шапқыншылығынан кейін толық мұсылман мемлекетіне айналғанын да ескеру қажет. Ал мұндай мемлекеттерде Аллаға деген сенім, Пайғамбарға деген сүйіспеншілік, Құран мен хадис ең жоғары дәрежеге ие. Жаратушыға деген махаббат, оны тану жолындағы жан кештілік аса құнды. Басқаларды да тақуалыққа шақыру – үлкен міндет.

Хафиздің мына жыр жолдарына назар аударайықшы:

Билік, байлық әркімді де қызықтырып тартады.

Патша тағы тең болмас-ау қайран алтын басыңа.

Теңізбенен талай жерді араласам, деп едім.

Дауыл тұрып жолатпады мені кеме қасына.

*Бар әлемді жаулап алған тах иесі әміршім
Әлек болса әскерлерің жеңісіңе тасыма!*

*Хафизға ұқсап қайыршы бол, қу дүниені тәркі қыл,
Алған емес, берген – ұлы, көшсек сөздің расына.*

(Иран-тәжік прозасы, 2005, с. 488-489).

Бұнда Хафиз халыққа билігін жүргізіп отырған билеушілерді сөз етеді, оларға ақыл айтады. Өз заманының патшалары Әбу Ысқақтың, Шаһ-Шожаның және Шаһ-Мансұрдың сарайларынан орын алған Хафиз мемлекет мәселелерінен тыс қалмаған. Ақынның санасын халқының амандығы, патшалардың әділдігі де мазалаған.

Қарап отырсақ, Хафиз туындылары түрлі тақырыптарды қамтиды. Ғашықтық жырлардың немесе сопылық сарындардың айналасынан әрі аса алмаған деп мүлдем айта алмаймыз. «Хафиз туындылары Еуропа әдебиетінде үлкен бағаға ие болды. Гете, А.С. Пушкин, А.К. Фет жоғары бағалаған. Хафиз туындылары дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылған» (Сопылық ғибратнама: хрестоматия-компендиум, 2016, с. 121).

Хафиздің қазақ әдебиетіне тигізген әсері туралы айтқанда, ойға оралатыны Шәкәрім Құдайбердіұлының жасаған аудармалары. Өтеген Күмісбаев осы жөнінде былай дейді: «...Абай ағасы Шәкәрімді бір үлкен жолға салып жіберген еді. Сол қажылық сапарында қажы Семей даласына Шығыс пен Батыстан ғажайып бір рухани көпір тартты...» (Күмісбаев, 2012, с. 129). Яғни Шәкәрім бұл сапардан мол азық жинап қайтты. Батыс және Шығыс әдебиетінің жыр өрнектерін, әдебиет әлемінің шоқ жұлдыздарын танып келді. Солардың ішінде Хафиз де бар еді. «Шәкәрім Иранның Шираз қаласынан шыққан төрткүл дүниеге машһүр шайыры Хафизге барды, аударам деп, еліктеймін деп бармады, өзгенің өзекті шыңынан өз өлеңіне өрісті өрнек алып қосу үшін барды. Қазақи өлеңге сыймаған сопылық сырлардың қаймағын сыпырып алуды дйттеді» (Күмісбаев, 2012, с. 129). Егер Хафиз аудармалары түпнұсқадан айнымай аударылатын болса, қазақ одан жатырқар еді. Бірақ Шәкәрімнің даналығы арқасында ел ішіне тарап, қайырымдылыққа, имандылыққа, Алла жолын ұстануға, оны тануға шақыратын, көркемдігінің қуаты ой тереңдігінен кем түспейтін, қайта-қайта оқылатын өлең жолдарына айналды. Өтеген Күмісбаев ақын аудармаларына төмендегідей баға береді: «Шәкәрім Хафизді қазақ ұғымына жақын етіп алады. Қазақ ақыны түпнұсқаның шеңберінен шығып, ұлттық бояу, реңді танытады, десек те, түпнұсқаның сюжетін, мазмұнын, негізгі идеясын сақтайды. Әлбетте, кейде Хафиз аудармашының ізденіс шеңберін өз ауқымында ұстап, шылбырды босата бермейді. Шәкәрім атамыз атакты мәтінді көркем менгеріп, тұлабойына сыналап еніп отырады. Қазақ тілінің табиғи күйін, нормасын танытады» (Күмісбаев, 2012, с. 129). Шәкәрім Хафизден «Анық ерге жолдас бол», «Тұр аяқшы, бер қымыз», «Егер сүйікті ол бала», «Мәжілісінде досыңның», «Көңіл жібі қолымнан», «Көрініске шоқынған», «Кел, аяқшы қымыз құй», «Кешегі басшы піріміз» деп басталатын өлеңдерін аударған. Аталмыш өлең аудармаларында «қымыз», «аяқшы», «домбырашы», «кесе», «қобыз» деген сөздердің қазақ ұғымына сай қолданылуы – парсы шайыры туындыларының төл әдебиетімізбен рухани байланыстылығының кепілі, Шәкәрім аудармаларының бірегейлігінің дәлелі.

Қазақ әдебиетіндегі Хафиздің орны туралы Ислам Жеменей іргелі зерттеу жұмысын жасады. Нәтижесінде «Хафиз және қазақ әдебиеті» деген оқу құралын дүниеге әкелді. Ғалым бұл оқу құралында Хафизден алған Шәкәрімнің аудармаларына ғана емес, жалпы, Хафиз шығармашылығына, оның стиліне, Хафиз бен Қожа Ахмет Яссауи үндестігіне, Хафиз хас шебері атанған парсы ғазалдарының Әсет, Ақан сері, Тұрмағамбет секілді ақындарға ықпалы туралы, Ә. Жәмішевтің Хафизден тікелей және орыс, өзбек тілдері арқылы жасаған аудармаларына тоқталады. Хафиздің сопылық бағыттағы ғазалдары туралы сөз қозғағанда «Хафиз ғазалдарында сүйіктісінің, яғни Алланың көркі ерекше шабытпен кестеленеді, оның бейнелеуінде сүйіктісі – әдеміліктің, сұлулықтың шыңы, кемелдіктің белгісі» дейді (Жеменей, 2000, с. 34).

Хафиздің сопылық бағыттағы ғазалдары туралы тағы бір сөзінде И. Жеменей «Хафиз поэзиясының күрделілігі – оның сопылық табиғатында... Хафиздің түгелдей шығармашылығы софылық таныммен астасып, сабақтасып кеткендіктен бөлек-жара қарау да қиын» дейді (Жеменей, 2000, с. 38). Осы бағыт бойынша ғалым ойын жалғастыра отырып, сопылық поэзияны зерттеу қазақ әдебиеті үшін де маңызды екенін атап өтеді. Өйткені Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығынан бастау алған сопылық сарындарды Абай, Шәкәрім секілді ақындарымыздың жыр жолдарынан да табамыз. «Шығыс халықтарының ислам аясындағы рухани алмасуына негіз болған сопылық танымның табиғатын – шығу себебін, даму тенденциясын айтып-атамай, ол тұрғыдағы туындыларды түсіну қиын. Сондықтан суфизм сырларын ашпай, сопылық ағым өкілдерін санамаламай, осы сипатта жазылған шығармалардың шаңына көмілеріміз хақ...» (Сүтжанов, 2013, с. 4).

Әрі қарай зерттеуші Қожа Ахмет Яссауи мен Хафиз жырларының ұқсастықтарына, қолданған сопылық терминдеріне де талдау жасап өтеді. Мысалы, екі ақынның да атақты сопылар қатарынан болған Ал-Халлаж туралы жазуларын алға тартады. Сонымен қатар екі ақынның «ғауһарға қол жеткізу» (тәңірмен табысу), «пірмұған», «хилует», «мей», «шарап», «фана» секілді сопылық терминдерді пайдаланғандарын көрсетеді. Қарап отырсақ, ғалымның бұндай салыстырулары парсы жеріндегі сопылық пен түркі даласындағы сопылық сарындарды салыстыруға, ұқсастық пен үндестіктерін айқындауға мүмкіндік беріп отыр. Және қазақ даласындағы сопылық сарындарда жазған әдебиет өкілдерінің шығармашылығын тереңірек талдап, түсінуге де, өзіндік ерекшеліктерді анықтауға да жағдай туғызады.

Ғалым әдебиетіміздегі шешімін таппай келе жатқан мәселені де қозғап кетеді. «Мәселен, күні бүгінге дейін Низами, Рудаки, Омар Хаям, Хафиз, Сағди, Науаи т.б. маржан сөздерінің ана тілімізде аударылуы жайы ғылыми тұрғыдан зерттеу нысанасына ілінген емес. Шығыстың классиктерін тәржімалауда қандай жетістік, қандай кемшіліктеріміз болды деген сауалдарға ғылыми тұрғыдан сарапталып, жауап берілген жоқ. Бұл шағын жұмысымызда біз тек Хафиздің ғана қазақ тіліне аударылу мәселесін қозғамақпыз» (Жеменей, 2000, с. 13). Хафиз өлеңдерінің қазақ тіліне аудармаларын қарастыра отырып, өте жауапты іс екеніне тоқталады. «Сол себепті парсы шайырларының софылық діни түсініктен нәр алатын тылсым сырлы поэтикалық тілін арнаулы дайындықсыз ұғыну оңайға соқпайды, ал осындай туындыларды екінші тілге тәржімалау біраз қиындық тудырады» (Жеменей, 2000, с. 10). Яғни сопылық бағытта жазған шығыс шайырлары шығармаларын аудару, зерттеу үшін терең білім мен қатар, одан кем түспейтін діни сауаттылық та болуы қажет-ақ.

И. Жеменей өзінің еңбегінде Хафиз шығармаларына алғашқы түсінік жазған ғалымдарға тоқталады. Олардың біріншілері түркі ғалымдары, соның ішінде Судий Боснауи екенін атап өтіп, ол кісінің еңбегіне жеке назар аударады. Сонымен қатар Хафиздің шығармашылығының зерттелуін де жинақтайды. Ақынның шығармашылығына назар аударған осымания дәуірінің оқымыстысы Судий Боснауи, қазақ әдебиетінде Абай, Шәкәрім, орыс әдебиетінде Фет, Пушкин, неміс ақыны Гете және т.б. атап өтеді.

Хафиз өмір сүрген дәуір туралы И. Жеменей «XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан әскерлері Орта Азия мен Иранның сәулетті қалаларын қиратып, жайнаған бау-бақтарын өртеп, бас көтерген адамдарды қырғынға ұшыратқаны тарихтан мәлім. Міне, Хафиз өмір сүрген дәуірде осы жараның аузы әлі жазылып бітпеген, халықтың тұрмысы қайта қалпына келіп, оналмаған, қайғысы ұмыт бола қоймаған кез еді» деп сипаттайды (Жеменей, 2000, с. 26).

Ал Хафиз қолданған ғазал жанры жайында И. Жеменей мынандай тұжырым айтады: «Хафиз тақыр жерде дүниеге келмеген. Ол алдыңғы өтіп кеткен дәстүрдің ықпалында болып, осы дәстүрді ұштап кеңейткен. Хафиздің үлгі-өрнектері кейінгі парсы ғазалына мектеп қызметін атқарды» (Жеменей, 2000, с. 32). Ғалым Хафиз ғазалдарына «жауап» жазған шайырлардың бірі Нураддин Абу ар-Рахмен ибн Рахмен ибн Низамаддин Ахмад Жами (817–898) (хиджри) ақынға «қасиетте де жұмбақ тіл иесі «оның өлеңдерінде жасандылық жоқ, сондықтан «лисан-ал-ғайыб» деп атаған» деген деректер келтіреді (Жеменей, 2000, с. 33).

Сонымен қатар И. Жеменей ақын шығармаларының тіліне де тоқталып өткен. «Хафиз өз өлеңдерінде дәстүрлі парсы поэзиясының образы – символды метафораны көп қолданған: «Ай» – сүйікті, оның жүзі ай тәріздес дөңгелек және жарық «шырақ», «Раушан гүл және бұлбұл» – екі ғашық символын», «гиацинт» – сұлудың шашы т.б. символдарын білдіреді» (Жеменей, 2000, с. 35).

И. Жеменей Хафиз қолданған кейбір сөздердің лексикалық мағынасына да зор көңіл бөлгенін көреміз. Өйткені біз білетіндей Хафиздің сопылық бағытта жазған ғазалдарының мәнін тереңрек түсіну үшін, онда қолданылған сопылық терминдерге де мән берген жөн. И. Жеменей «ренд» сөзін айрықша алып шығады. Хафиздің аудармаларын жасаған Ә. Жәмішевтің өзі осы сөзге дұрыс анықтама бере алмағанын көрсетеді. Өзінің талдауында «ренд» сөзі парсы сөздіктерінде «зеректік» және «айлакерлік», одан басқа «бейжайлық» және «селқостық» деген мағыналар беретінін атап өтеді. Осы сөзді талдай келе сонау замандарда ренд деп аталатын адамдардың екі түрі болғанын және екіншісіне осы Хафиз жатқандығын жеткізеді. Яғни бірінші ренд – «пайда іздеп, қулық-айлаға қызмет істеген» «базар ренд», ал екіншісі – оған қарсы әрекет ететін «медресе ренд».

Енді, Хафиз туындыларының қазақ тіліне аударылуы мәселесіне келгенде, алғаш Шәкәрім Құдайбердіұлының аудармасымен ақынның туындылары қазақ даласына жеткенін айтады. Шәкәрім туындыларын талдай отырып «...Шәкәрім өз аудармасын қазақ оқушыларының түсінігіне лайықтап, аздап әрлеп өзгерткені болмаса, негізінен түпнұсқадағы мағынасын толық сақтап отыру принципі ұстанып отырған» (Жеменей, 2000, с. 59) дейді. Және де ғалым «Бұдан басқа тағы Шәкәрім Хафизден тек шығыстық дәстүрді үйреніп қана қоймай, содан алған ғибратын іске асыру мақсатымен өзі де біраз өлеңдерді осы тақырыпта жазады» (Жеменей, 2000, с. 65) деген тұжырым жасайды. Ғалымның бұл ойына Шәкәрімнің «Өртейін деп отқа көмдім, от жүрегім жанбады» деген өлеңі мысал бола алады. Осы өлеңде

ақын өзінің жанын «жарға» сыйлайды. Бірақ «жары» оның «бойындағы асылын» тірісінде қабылдамайды. Әрі қарай Шәкәрім ойын былай жалғастырады:

*Сөйтсем онда сыр бар екен, байқаматтын мен оны,
Қосылайын өлсем деген амалы екен, алдады.*

*Өліп едім- жар бірігіп, бір бейісті таңдады,
Ләйлі-Мәжнүн қарсы шығып ерулігін қамдады...*

*...Жар сипатын білсеңіз де, нәпсің «өлмей» деме жар,
Айла, алдау өзіңізге, шын қақиқат қанбады*

(Кұдайбердіұлы Ш., 2013, с. 311–312).

Берілген үзінділерден «жар» сипаты сопылар тануға, бірігуге ұмтылатын Алла деп топшылауға әбден болады.

Сонымен қатар ғалым Хафиз аудармаларының жан-жақты талдауын берген. Орыс тіліндегі аудармаларының мазмұнын қазақ тіліндегі Шәкәрімнің, Ә. Жәмішевтің жасаған аудармаларымен салыстырып отырған. Ә. Жәмішев аударма жасағанда, Хафиз өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармаларына арқа сүйеген. Бұл жөнінде ғалым мынандай қорытындыға келеді «...Ә. Жәмішев парсы тілін білмегендіктен аудармалары негізінен орыс және өзбек тілінде шыққан материалдарға сүйенген. Сондықтан болар, оның аудармаларының біраз бөлімі парсыша басылымдағысынан алшақтау кеткен. Бірақ ол алшақтық тек сөз қолданыста, ұғымды жеткізе білу тәсілінде болса да, оның аударма өлеңдері оқырманға Хафиздің айтпақ ойын жеткізе білгендігінде» (Жеменей, 2000, с. 116). Ал Шәкәрім аудармалары туралы ғалымның түйінді ойын «Хафиз бен Шәкәрім үндестігі» мақалсынан табамыз: «Абай сынды ұлық ұстаздың саясында ұлттық, адами қасиеттеріне һәм илаһи иманға қаныға өскен, тәрбие алған жан. Сондықтан Хафизді оқып, танысқан соң оны сүйді, түсінде көріп, сырласты. Жанына серік етті. Сонымен қатар, Құран тілін, парсы тілін жетік меңгерді. Осындай артықшылықтар Шәкәрімге Хафиздің ой қазынасына еркін кіріп, керекті маржан ойларын алуға мүмкіндік берді» (Жеменей, 2008, с. 61).

Қорытынды

Осы мақала арқылы біз Хафиз заманының тынысын білдік. Хафиздің Хафиз болып қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтадық. Хафиздің қазақ әдебиетіне танылуы мен оған қатысты жүргізілген зерттеулерді бағамдап өттік.

Қысқаша тұжырымдайтын болсақ, Хафиз заманы Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін әлі де есін жия қоймаған күрделі кезең еді. Ол кезең туралы хабардар болу бізге Хафиз шығармаларының басым көпшілігі жазылған сопылық сарынды түсіндіріп тұр. Өйткені әдебиеттегі бұл бағыт – дүниеден баз кешу, Аллаға жақындау, оны тану секілді рухани кемелдікке жетелейтін бағыттардың бірі. Сол арқылы халық басындағы ауыртпалықтарды ұмытып, артқа қалдырып, одан да биік таным-түсініктермен жан жараларын емдеді.

Ал Хафиздің Хафиз болуына медреседе алған білімі, Құран мен хадисті жетік білуі, өзіне дейінгі әдебиет жауһарларының, Руми мен Сағди, Омар Хайямның туындыларымен таныс болуы үлкен ықпалын тигізді. Ал түрлі жолдармен қазақ даласына жеткен Хафиз ғазалдары ақындарымыздың тілін байытып, шығармашылығына шабыт сыйлады.

Енді, И. Жемейдің Хафиз шығармашылығының қазақ әдебиетіне тигізген әсері жайындағы еңбегінің бағасына келетін болсақ, Л. Биғалиеваның осы зерттеу жұмысы жайындағы қорытынды ойымен келісеміз: «... біріншіден, Хафиз бүгінгі күні ұлттық сипаттан әлемдік деңгейдегі әлем патшаларының патшасы да, жұлдызы да екенін ғылыми, көркем тілмен қазақ оқырманына жеткізе білген зерттеу жұмысы. Екіншіден, Хафиздің қазақ әдебиетіндегі орнын белгілеп, қазақ пен иранның әдеби байланысында жалпылама белгілі бір жүйе арқылы шолу жасап, екі елдің әдеби байланысына үніліп, осы жолда еңбек еткен қазақ ғалымдарын ретімен тауып, биік бағасын бере білген зор еңбек деуге болады. Үшіншіден, Хафиз ғазалдарының сопылық қырынан танытып, сонымен қатар Қожа Ахмет Яссауидің сопылық дүниетанымымен байланыстыра білген» (Биғалиева, 2021, с. 62) Бұған біздің қосарымыз И. Жемейдің қазақ және парсы әдеби байланыстарында назар аударатын тағы бір мәселесі – парсы шайырларының туындыларын түпнұсқадан аудару ісін дамыту. Өйткені өзге тілдер арқылы жасалған аударма түпнұсқаның мазмұнына, көркемдігіне өз әсерін тигізбей қоймайды. Парсы ақындарының жырлары түпнұсқа арқылы бізге аударылып келсе, біз екі ел арасындағы рухани үндесулердің жаңа қырларын аша түсетін едік. Әсіресе, сопылық бағыт бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы батыл тұжырымдар жасауға негіз болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Бес ғасыр жырлайды / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.
- Биғалиева Л. Парсы ақындарының қазақ тіліне аудармалары // ҚазҰУ хабаршысы. – 2021. – №1. – 62–64 б.
- Жемей И. Хафиз және қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 122 б.
- Жемей И. Хафиз бен Шәкәрім үндестігі // Жалын. – 2008. – №9. – 60–61 б.
- Иран-тәжік прозасы / Құраст. О. Сейфолла. – Астана: Аударма, 2005. – 728 б.
- Күмісбаев Ө. Алтын қазық. Зерттеу мақалалар. Ө. Күмісбаев. – Алматы: Қайнар баспасы, 2012. – 512 б.
- Құдайбердіұлы Ш. / Құраст. Г. Мұқышева. – Алматы: Өлке, 2013. – 416 б.
- Сопылық ғибратнама: хрестоматия-компендиум. / Құрастырғандар: С.Н. Сүтжанов, Б.Ш. Құралқанова. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 212 б.
- Сүтжанов С.Н. Сопылық таным тағылымы: оқу құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2013. – 120 б.
- Тамидари А. История персидской литературы. – Санкт-Петербургское Востоковедение, 2007. – 240 с.

References

- Bes ǵasyr jyrlaidy / Qūrast. M. Maǵauin, M. Baidılǵaev. Almaty: Jazuşy, 1989. T.1. 384 b.
- Biǵaliev L. Parsy aqyndarynyñ qazaq tiline audarmalary // QazŪU habarşysy. 2021. №1. 62–64 b.
- Jemenei İ. Hafiz jäne qazaq ädebieti. Oqu qūraly. Almaty: Y. Altynsarin atyndaǵy Qazaqtyñ bilim akademiasynyñ Respublikalyq baspa kabineti, 2000. 122 b.
- Jemenei İ. Hafiz ben Şäkärim ündestigi. // Jalyn. 2008. №9. 60–61 b. İran-täjäk prozasy / Qūrast. O.Seifolla. Astana: Audarma, 2005. 728 b.
- Kümisbaev Ö. Altyn qazyq. Zertteu maqalalar. Ö. Kümisbaev. Almaty: Qainar baspasy, 2012. 512 b.
- Qūdaiberdiūly Ş. / Qūrast. G. Mūqyşeva. Almaty: Öлке, 2013. 416 b.
- Sopylyq ğibratnama: hrestomatia-kompēdium. / Qūrastyrǵandar: S.N. Sütjanov, B.Ş. Qūralqanova. Pavlodar: PMPİ, 2016. 212 b.
- Sütjanov S.N. Sopylyq tany m taǵylymy: oqu qūraly. Pavlodar: PMPİ, 2013. 120 b.
- Tamimdari A. İstoria persidskoi literatury. Sankt-Peterburgskoe Vostokovedenie, 2007. 240 s.

С.Н. Сутжанов¹, С.Б. Кибатова¹

Хафиз и отражение его творчества в казахской литературе

¹ Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Казахстан
email: s_sutzhhanov@mail.ru, kibatova_samal@mail.ru

Аннотация. В данной статье авторы уделяя внимание творчеству Хафиза, проводят анализ эпохи поэта и факторов, повлиявших на его формирование и становление как мастера слова. Стихи Хафиза, рожденные во времена политической нестабильности, социальных трудностей, духовного кризиса, привели персидскую литературу к высокому уровню.

А также из статьи можно получить информацию по темам и содержанию газелей Хафиза, о его своеобразном употреблении слова. Поэт слагал стихи не только в суфийском направлении, но и начиная от политически-социальных вопросов он писал и романтическую лирику. Вместе с тем дается информация о том, как достигло казахских степей творчество Хафиза, признанного Европой. Опираясь на труды ученых, проводивших исследования относительно схожести персидской и казахской литературы, здесь говорится о мастерстве Шакарима в восприятии Хафиза казахами, о глубоких корнях созвучий между двумя народами. Приводятся заключения по переводам А. Жамишева. В статье авторы на основе творчества Хафиза, пытаются определить ориентиры будущих исследований, отражая духовные созвучия казахской и персидской литературы.

Ключевые слова: казахско-персидская литература, литературные связи, суфийская литература, газель, духовное созвучие.

S.N. Sutzhanov¹, S.B. Kibatova¹

Hafiz and the reflection of his work in kazakh literature

¹ Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan
email: s_sutzhhanov@mail.ru, kibatova_samal@mail.ru

Abstract. In this article, the authors, paying attention to the work of Hafiz, perform an analysis of the poet's era and the factors that influenced his formation and development as a master of words. Hafiz's poems, wrote in times of political instability, social hardship, and spiritual crisis, brought Persian literature to a high level. The article also provides information on the themes and content of Hafiz's ghazals, on his peculiar use of words. The poet composed not only Sufi poetry, but also poems on the themes ranging from political and social issued to lyrical motives. Along with that, the article offers information on how the work of Hafiz, who was recognized by Europe, found its way to the Kazakh steppes. Drawing on the works of scientists who conducted research on the similarity of Persian and Kazakh literature, the article talks about Shakarim's mastery in the perception of Hafiz by the Kazakhs, about the deep roots of consonance between the two countries. The conclusions on A. Zhamishev's translations are given. Using the works of Hafiz, the authors in this article are trying to determine the guidelines for future research, reflecting the spiritual consonance of Kazakh and Persian literature.

Keywords: Kazakh-Persian literature, literary connections, Sufi literature, ghazal, spiritual consonance.